



# SOCIAL MENTALITY AND RESEARCHER THINKERS JOURNAL

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed

ISSN: 2630-631X



Social Sciences Indexed

www.smartofjournal.com / editorsmartjournal@gmail.com

September 2016

Article Arrival Date: 19.07.2016

Published Date: 30.09.2016

Vol 1/ Issue 1 / pp: 23-30

## Ыбырай Алтынсариннің Әдебиеттегі Ұлттық Көркемдік Ұстанымы

National Art Position In Literature Of Ibray Altinsari

Zeynulina Ayman FAİZULLOVNA

Prof.Dr., S. Toraygirov Pavlodar State University, Kazakhstan

### АННОТАЦИЯ

Бүгінгі таңда адам-табиғат қатынасы қазіргі қоғамның аса өзекті мәселелерінің біріне айналды. Табиғат – қоғам дамуының алғы шарты. Қоғам – табиғаттың ерекшеленген бөлігі, ал адам – эволюциялық дамудың шыңы. Егемендік алған республикамыздың келешегі және ұрпақтарды тәрбиелейтін орта мектеп өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті атқару үшін ондағы игерілетін білім мазмұны бүгінгі талапқа сай жаңартылуы тиіс. Сонымен бірге білім байлығын, табиғаттың ерекшелігін терең оқып білу арқылы өз халқының дүние жүзілік мәдени мұрадағы орны мен үлесін білуін, әр оқушының қабілеттік дамытуға, әрбір ұлттық мектептің ішкі мазмұнының атына сай болуын қамтамасыз ету – қазіргі өмір талабы

**Негізгі сөздер:** ұлттық өнер, позиция, әдебиет

### ABSTRACT

It is known that every epoch, history, and social phenomenon will empower their talented representatives. They are in the history of the people as a glorious citizen, who sees the country's need and carries out all efforts for the benefit of the people of his native nation. The noble traditions of such citizens continued from generation to generation and had a significant impact on the country's historical and cultural life.

**Key Words:** National Art, Position, Literature

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзеттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат- мүдделерінің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға, ұлықты ұстаз.

Ал оның заманы тарихтың бір аумалы – төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін- ақ енді қазақ жеріне Ресей патшалығының сұғы қадалып, жаулауы басталған-ды. Қазақ халқы небір зорлық- зомбылық, зобалаңды басынан өткізіп жатты. Намысқа шапқан қазақ батырлары бастаған азаттық жолындағы күрестер біріне- бірі жалғасқан еді.

Исатай- Махамбет, Кенесары- Наурызбай, Сырым батыр, Едіге, Есет пен Бекет, Жанғожа, Сұраншы- Саурық тәрізді батырлардың есімі қазақ тарихында алтын әріппен жазулы.

Ауыр заманда білім алып, ат жалын тартып мінгесін- ақ Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Қазақ Еліне ағартушылық насихатын жүргізіп, елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Бұл ретте ол жалғыз болған жоқ. Байтақ Қазақстанның әр

өңірінен ұлт басына төнген қауіпті терең сезініп, ұлттық құлдыраудан құтылудың жолдарын көрсеткендер болды.

Солардың ішінде хакім Абайдың, ұлт ұстаздары Ыбырай мен Ахметтің орны ерекше. Абай мен Ыбырайдың ақындық, ағартушылық еңбектері бірін –бірі толықтырып, үндесіп жатты. Олардың бұл үндестігін терең зерттеп дәлелдеген ғұлама жазушы Мұқтар Әуезов болды.

Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар негізді. Шиеленіскен тартыстар, соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады.

Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы "Қазақ христоматиясы" (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылды. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде "Сөз басы" деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер "Кел, балалар, оқылық", "Өнер-білім бар жұрттар" деген атаулармен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларын да оқу- білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті. Оқу білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін, әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырды, терең білім алуды үгіттеді. Ол өз замандастары арасында ғалым-этнограф, көсемсөзші әрі ақын ретінде де кеңінен танылды. Ол Орыс географиялық қоғамының Орынбордағы бөлімінің толық мүшесі болды. Географиялық қоғамның тапсырмалары бойынша баяндамалар жасап тұрды, қазақ халқының этнографиясы бойынша мақалалар жариялады. Атап айтқанда, Кіші жүз қазақтарының адамды жерлеу, ас беру, құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрі, ежелгі әдет-ғұрып заңдары туралы зерттеу мақалалары жарық көрді. Ол өзінің жұмыстан қолы босаған кездерінің бәрін де ауыл арасында өткізді, туған халқының тарихы, фольклоры, шежіресі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы материалдар жинастырды. Өзінің көзі тірісінде бірқатар ғылыми мақалалары журналдар мен газеттерде жарияланды. «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркі» атты еңбегінде үйлену тойларына байланысты толып жатқан әдет-ғұрыптарды тәптіштей суреттеді. Ы.Алтынсариннің әдеби мұрасы да едәуір елеулі. Ол И.А.Крыловтың мысалдарын, Л.Толстойдың әңгімелерін орыс тілінен қазақ тіліне аударумен қатар өзі де қысқа әдемі әңгімелер жазды. Ы.Алтынсариннің қаламынан туған аудармалар, өлеңдер, әңгімелер, мысалдар, этнографиялық очерктер мен ертегілер оқырман жүрегіне жол тапты. Оның шығармаларының тақырыбы да әр алуан. Ы.Алтынсаринді қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы деп айтуға әбден болады.

"Кел, балалар, оқылық" өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

1) Істің болар қайыры

Бастасаңыз алдалап.

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап.

2) Надандықтың белгісі-

Еш ақылға жарымас...

Жөн білмеген адамға

Қыдыр ата дарымас...

Бұл "өлеңнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі- оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында",- деп атап көрсетеді ғалым Ә.Дербісалин "Ы.Алтынсариннің әдеби мұралары" деген еңбегінде. Мысалы мал байлығын салыстыру,білмсiз,еңбексiз байлықтың баянсыздығы т.б. Ал "өнер- білім бар жұрттар" өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада қаншалықты құнды екенін көрсетеді.("Сарай салғызды", "Айшылық алыс жер", "Көзiңдi ашып жұмғанша", "Құстай ұшу", "Балықтай жүзу", " Өнер- жiгiт көркі", "Сiздерге бердiм батамды" т.б. заман жаңалықтарын ұлт ұғымына сай зор көркемдiкпен суреттей бiлген.

Ыбырай Алтынсариннің бiр алуан өлеңдерi әлеуметтiк мәселелерге арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жiгiттер" тәрiздi т.б. өлеңдерiн атауға болады. Аталмыш өлеңдерi биiк адамгершiлiк тұрғысынан ұрлық - қарлықты, астамсу, әдiлетсiздiктi сынап, еңбексiздiктi,ескiлiктi салттардың зияндығын көрсетiп, адал- еңбектiң адамгершiлiк мiнез- құлықтың артықшылықтарын бейнелейдi. Мысалы:

Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,

Кете бар, кесе басың, шындықпенен.

Қорек тал бейнеттен де, тәңiрiм жәрдем,

Телмiрме бiр адамға мұңдықпенен.

Әй, жiгiттер, үлгi алмаңыз

Азған елдiң iшiнен

Алыс- алыс қашыңыздар

Зияндасты кiсiден.

Жақсыны көзден салмаңыздар,

Жақсыдан қапыл қалмаңыздар...

Ыбырайдың мұндай өлеңдерi бүгiн де ескердi, мән –мағынасы көнердi деп айта алмаймыз. Нағыз адмгершiлiк қағидаттарын үлкен сұраныспен өмiрде пайдалануға болатын әдептiк өлшемдер.

Ақынның бiрлi – жарым өлеңдерi табиғаттың сұлу көрнiстерiн суреттеуге арналған. Мұндай лирикалық өлеңдер Ыбырайға дейiн қазақ әдебиетiнде кездеспейтiн. Кездесе қалса, ол таза пейзаждық суреттеу болмайтын. Ал Ыбырайдың табиғат мiнезiн детальдi суреттеу үлкен көркемдiкпен шендестiрiлген. Өйткенi пейзаждық лирика, көбiнесе, жазба әдебиетке тән.Табиғат сұлулығын жырлау – орыс әдебиеттiнде,т.б. елдердiң әдебиетiнде ХҮШ ғасырдан келе жатқан белгiлi дәстүрлердiң бiрi.

Ыбырайдың "Жаз", "Өзен" өлеңдерi көркемдiк келiсiм жағынан (халық өмiрiмен байланыс,өлкетану т.б.) оқушының жан дүниесiнде жайдары сезiм туғызып, көңiлдi әсер қалдырады. Табиғат көрiнiстерiн суреттеуi жағынан да Ыбырай мен Абайдың арасында үндестiк бар.Олардың орыс әдебиетiмен жақсы таныстығы көрiнедi, сонымен қатар ұлттық таным бояуын да сезiнеміз.

Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерiнен ақындық шеберлiгi түрлi палитрлiк сөз бояуы арқылы көрiнiп тұр. Зерттеушiлер бұл өлеңдердiң халық арасына кеңiнен таралғандығын атап көрсетедi.

Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
 Айнадай сәуле беріп жарқыраған.  
 Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,  
 Аралап тау мен тасты арқыраған.  
 Көңілің суын ішсең ашылады,  
 Денеңде бар дертінді қашырады.  
 Өксіген оттай жанып жануарлар  
 Өзеннен рақат тауып басылады.  
 Қынарда тілсіз тұрған тоғайлар да  
 Шуылдап желмен бірге бас ұрады...  
 Он мың мал айдап өтсең лай қалмайды,  
 Тасыса су бармаған сай қалмайды.  
 Тасыған өзен судың қуатымен  
 Көк шығып шөп бітпеген жай қалмайды.  
 Ел қыстап күн көреді жаныбында,  
 Дәм болар алуан - алуан балығында...  
 Тас таста, алтын таста сынамаққа,  
 Сонда да аққан өзен қалыбында.  
 Құдіретін құдайымның көресін бе?  
 Не нәжіс тоқтар өзен денесінде...  
 Арыстан демалуға суға кірсе,  
 Балықтар шымшып ойнар терісіне...

Суреткердің Өзен мінезін соншалықты нақты, таза суреттеп, көркемдік поэтикасының ұтымды шыққанына шек келтірмейміз. Мұндай суреттеу Абай поэзиясына да тән. Мәселен екі ақынның жайдарлы «Жаз» өлеңінің мінезделу, суреттелу жағдайын көрейік. Абай «Жазда» ағыны қатты өзенді бейнелегенде «күркіреп» сөзін ұтымды пайдаланады, құлын-тайдың көптеген әрекеттері ішінен де «айнала шауып бұлтылдап» көрініс беруін тандап бейнелейді. Ал Ыбырай «Жазда» қардың суының молдығын «жайылар» сөзі арқылы, ал жердің гүлінің жайқалып өсуін «ұйқыдан көзін ашқан жас балаша» деген заттандыру әрекеті арқылы жан бітіре суреттей білген.

Бұл туралы белгілі ғалым Р.Сыздықова: «Абайда жалпы суреттеме тәсілі күшті берілген. Мұның өзі де–қазақ поэзиясында тың нәрсе. Осы әдіс өлең тіліне күнделікті тұрмыс-салтқа байланысты лексика тобын әкелді. Мысалы, «Күз» деген өлеңінде келтірілген: жыртық киім, шуда жіп, кемік сүйек, сорпа-су, жамау, ыс–деген сөздер бұрынғыдай ауыспалы мағынада емес, тура өз мағыналарында сурет үшін пайдаланылған. Поэтикалық табиғатын зерделесек,

1. Абай шөптің биік болып өскенін қалай өрнектеген? «ұзарып өсіп толғанда», «шалғыннан жоны қылтылдап».
2. Ыбырай шөптің молдығын «нәсердің қуатымен жер шөбі өсер», «көкорай дүние жүзі шалғын болып» деп береді.

3. Өзенде су мол екенін қай сөз айқындап тұр? «Күркіреп» деп Абай сипаттаса, Ыбырай «тасиды» деп береді.
4. Үйрек-қаз ұшуында қандай ерекшелік бар? «Сымпылдап» Абайда, Ыбырайда: «қаңқылдап».
5. Су жағасында жүрген бозбаланың көңіл-күйін білдіретін сөздердің дәйектелуі «Қутындап» деп Абай суреттесе, Ыбырай «жүгірер ойдан қырға жұмарланып» деп береді. Сөйтіп, біріншіден, ақындардың аз сөзбен сурет сала білу шеберліктерін көрсек, екінші қыры, белгілі бір құбылыс, әрекеттің көп саласы ішінен ең өзекті бір түрін екшеп ұсынуына назар аудартады. Қаздаңдау, дедектеу, маң-маң басу, еңкеңдеу, ордаңдау, арбаңдау, балпаңдау, мамырлау, былқылдау т.б. Абай мұның бәрін келтіре бермей, бір ғана «былқылдап» деген жүру түрін қыз-келіншектерге арнап қолданған. Ал Ыбырай «алшаң басу» тіркесін түйелерге қолданған. Бұл да екі ақынның ешкімге, бір-біріне ұқсамауы, ерекшелігі. Бұл ақындардың үшінші қыры–бәрін бір ғана лирикалық қаһарманның талғамына, көзқарасына, сезіміне бағындыруында. Төртінші қыры—өлеңдегі бар сөздердің, ұйқас құруға белсене қатысып тұрған көріктеуіштердің (эпитеттердің) «қылтылдап», «шылпылдап», «бұлтылдап», «сылқылдап» т.б. өзара әсем үндесуі Абайдан көрінсе, арқырау, сарқырау, тасыған атты суреттермен өзен мінезін сипаты мен жалпы табиғаттың сұлу көрінісін тамашалайтын көркемдік болмысының сәнді ұйқасын, келісті үнін байқаймыз.

Сондай-ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Бұл өлеңдерді біз бастауыш сыныптардан-ақ жатқа айтып жүрміз. ("Бұл кім?", "Ананың сүйі", "Балғожаның хаты"...)

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі- проза жанры болды. Оның "Бай баласы мен жарлы баласы", "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді. Біздің бүгінгі таңда білуімізше ұлтты тәрбиелеу тақырыбына Ыбырай Алтынсариннің жазған үш жүзден аса әңгімелері бар екені белгілі болып отыр. Бірақ кеңестік дәуір цензурасында имандылық, діни, қазақ баласының ұлттық тәрбиесіне қатысты жазылған әңгімелері жарияланбаған. Міне, бұл да бүгінгі заманың еншісіндегі зерттеуді қажет ететін Ыбырай Алтынсариннің құнды әдеби мұрасының бірегейлері.

"Бай баласы мен жарлы баласы" – Ыбырай Алтынсарин шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс-әрекетін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімеден сол дәуірден өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, "Родник" журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің айтулы шығармасының бірі - "Қыпшақ Сейітқұл". Сейітқұлдың іс-әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кәсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу, т.б.), сүйтіп, оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Әңгіменің тәрбиелік жағы - осындай жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстармен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген. Әрі бұл әңгіме тарихи болған оқиғаның негізінде жазылса керек. Оны автордың өзі деректі фактілер негізінде атап көрсетеді.

Көркем әдебиеттің күрделі жанры - әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді (1-2 эпизодтан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді.

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысының шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар,"-деп жазды. Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ екенін байқауға болады.

Мектептің білімі мен тәрбиесіне және оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына да енгізілген.

Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез - құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат - мейірім (ата - ана- бала) перзенттің парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз.

Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен- бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, ұстаздық таным шеберлігіне таң қаламыз.

Шығармадағы бас қаһарманның характерін талдау арқылы ашу-адамтанудың ұтымды бір жолы. Себебі кейіпкер сомдауда автор өмірде болатын құбылыстарды, адамдарды, оқиғаларды арқау етеді. Өзі аңғарған, өзіне қатты әсер еткен жағдайлар, эпизодтар шығармада қисынды орнын тауып жатады.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан - жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор. Ыбырай Алтынсарин өзінің өскелең, ойшыл шығармашылық мұрасымен классик ретінде танылып қана қоймай, сонымен қатар өз маңайындағы ақын-шәкірттерінің дүр түлеп, қанаттанып, шарықтап ұшуына үлкен педагогикалық ықпал жасады. Ыбырай білімінің ерекшеліктерін өзінше саралай білген. Білім—адамды ақылды ететін, ғылымды әр нәрсенің қадір-қасиетін түсініп, өлшеуіне жете алады, құнын бағалай алады деп есептеген. Сондықтан ақын: «мектеп, мұғалім, шәкірт, оқу, білім», туралы қанатты ой пайымдарын поэзия, проза жанрымен әспеттеп көркемдікпен суреттейді, білімнің алар орнын айшықтап берген. Осыларды қорытындылай отырып, «білімді адам мыңды жығады» дегендей, ол ақылды, қуатты күші бар, шебер шешен болса не нәрсеге де төтеп береді, ендеше өмірдің кілті—білімде, білімсіз күнің қараң деген насихатын анық жеткізеді.

Ыбырай Алтынсарин тағылымының бүгінгі педагогикамен тығыз байланыстылығы сол— алдағы уақытта қазақ ғалымдары жазуға тиісті төл педагогика мен психологияның тарихы мен теориясына бағышталған оқулықтарда ұлы ұстаздың көркем әдеби, педагогикалық-психологиялық ой-тұжырымдары екшеліп, ғылыми тұрғыдан дәйекті орнын алмақ.

Даналардың таным құпиясы ешқашан да толық ашылмайды. Тамыры табылып, түбірі жалаңаштанып қалған дана—данышпан, яғни жұмбақ жан болудан қалады. Ыбырай да сондай түйсік-түйіні шешілмейтін шыңырау. Оның суық ақыл, күшті қайрат, ыстық жүректің қуатына сүйеніп, көңіл көрігінде балқытқан ойының астарын әлі іздеп зерттеуіміз қажет. Сол заманның қас-қабағына қарап күйлемегендіктен де Ыбырайдың зарлы да жаралы, жан дүниесін, заманына сыймаған даналық тұлғасын, көрке шығармашылығын бар болмыс-бітімімен көркем

ой мен ғылыми пікір арқылы зерделеп беру бүгінгі заман талабы. Ол үшін ғұлама ойлы ғалымдық зейінін де, ұлы қуатқа ие суреткерлік талантын да тануымыз қажет. Өкінішке орай, ұлы қаламгердің өзі де ішкі толғамын, ең бір шағымды тұспалдары мен тұжырымдарын ашық әрі еркін білдіре алмай, әр кезде орайы келген тұста сөз сарасын көмбе ғып көміп кетіп отырғанын да сеземіз.

Ыбырай шығармаларының көпшілігі жастарға арналған. Елді түзеу бесікті түзеуден басталады. Мұнда жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренсе деген ниетпен жастарға ұсынатын ұлттық тәрбиенің сан алуан түрін сараптай келе, Ыбырай атамиз айтатын жігітке тән мақтаулы қасиеттер: тұрақтылық, табандылық, шынайылық, адалдық, талаптылық, татулық, сыйластық. Осының бәрі жиылып бірлік деген ұғымға айналады. Ол жолдастарға, достарға, ағайындарға тән татулықтан басталып, бүкіл ел, халық өміріндегі ынтымақтастыққа, түсіністікке, тыныштыққа әкеледі. Жаны таза жақсы адам ғана жаман мінездерден, бақталастық пен қызғаныштан бойын аулақ салып, олардан жоғары тұратынын әңгімелерінде қарапайым сюжеттермен суреттеп, парасатты ой толғайды.

Түйіндеп айтсақ, Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының тарихи көшін ілгері бастауда, ой-пікірінің шеңберін кеңейтуде, ұлттық сана-сезімін шыңдауда, ұлттық мәдениетін көтеруде ерен еңбек сіңірген, ұлттық болмысымызға дара біткен жарық жұлдыз. Ыбырай тағылымы оның даналығында, Ыбырай даналығы–оның данышпандық ойлары мен парасатты сөздерінде, Ыбырай парасаттылығы–оның ағартушылық ой-түйіндерінде, ал ұстаздық ұлағатының асқар белесі–адам және ел тәрбиесінде.

Ақын - педагог деген ұғым Ыбырай атымен, оның әдеби еңбегімен келіп ұштасқаннан бері жаңа мағынаға ие болып, ең ардақты атаққа айналды. Ыбырай Алтынсарин өзінің өскелең, ойшыл шығармашылық мұрасымен классик ретінде танылып қана қоймай, сонымен қатар өз маңайындағы шәкірттерінің дүр түлеп қанаттанып, шарықтап ұшуына үлкен педагогикалық ықпал жасады.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында ұлтын биікке жетелеген озат ойлы зиялылар шоғыры айрықша көзге түседі. Бірақ «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, шоғыр ішінде ұлы Абай мен Ұлы Дала ұстаздары Ыбырай мен Ахмет тұлғалары көзге ерекше шалынады. Бірі дүниеден қайтқанда, екіншісі өзінің өзгеше көзқарасымен қазақ қоғамының ой-сана өрісін жаңа арнаға бет бұруға бет алып, бекем байлам жасап, нық қадам басты.

Қазақ әдебиетінде педагог- жазушының көркем бейнесі жасалып, Қазақ Еліне сіңірген ақындық, жазушылық шеберлігі танылып, ұстадық білімділігі мен біліктілігі ұлықталу мақсатында белгілі ақын Ғафу Қайырбеков " Дала қоңырауы" поэмасы, М.Ақынжанов " Ы.Алтынсарин" пьесасы, Жайсаңбек Молдағалиевтің "Алғашқы ұстаз" романы жазылды.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "ХҮІІІ- XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог- жазушыға: XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор,"- деп баға береді.

Биыл зерделі ақын, ұлықты ұстаз Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толып отыр. Осы орайда қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы. Алтынсариннің туғанына – 175 жыл толуына орай оның шығармашылық мұрасын заман талабы мен мүддесіне қарай қайта зерделеп, зерттейтін уақыт жетті. Ыбырай Алтынсариннің жалпы халық ағарту жұмысы мен халықтың ой – санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істерін ұлықтайтын шараларды өткізу қажеттілігі туындады. Бұл заман талабы.

Ойымызды түйіндесек, Ыбырай Алтынсарин - реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кемеңгер, Қазақ Даласының зерделі ұстазы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Қазақ тәлім-тәрбиесі», Алматы, «Санат», 1995.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Халық педагогикасының тағылымдары», Алматы, «Бастауыш мектеп», 1990 ж.
3. Қ.Жұмалиев өзінің "ХҮІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті" Алматы, «Санат», 1995.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4-том. ХІХ. ғасырдың бірінші жартысы (1800-1850) / Жалпы ред. басқ. Қ. Егеубаев.- Алматы: ҚАЗАқпарат,2005. 237-253 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 2006. 815-830 б.
6. Сыздықова Р. “Қазақ әдеби тілінің тарихы”. Алматы. “Ана тілі” 1993 жыл)